1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ НЕСИЕЛІК ҚАБІЛЕТІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

**Токбергенова Мерей Ержанқызы**

[tokbergenova.merey@bk.ru](mailto:tokbergenova.merey@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қаржы кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – доктор Phd Хамитхан Н.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен несиелік нарықтың тиімді жұмыс істеуі макроэкономикалық факторлардың әсеріне тікелей байланысты. Коммерциялық банктер мен басқа да несие ұйымдары клиенттердің несиелік қабілетін бағалау барысында экономиканың жалпы жағдайын ескеруі қажет. Инфляция деңгейі, ұлттық валюта бағамының тұрақтылығы, жұмыссыздық деңгейі, жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсу қарқыны және пайыздық мөлшерлемелер сияқты макроэкономикалық көрсеткіштер қарыз алушылардың төлем қабілеттілігіне елеулі ықпал етеді. Қаржы институттары үшін клиенттердің несиелік қабілетін бағалау маңызды процесс болып табылады. Бұл көрсеткіш банктер мен басқа да несие ұйымдары үшін қарыз алушылардың қарызды өтеу мүмкіндігін анықтайтын негізгі фактор болып саналады. Несиелік қабілетті талдау қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалауға, несие беру шарттарын анықтауға және тәуекелдерді басқаруға көмектеседі.

Несиелік қабілет – қарыз алушының өз міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындай алу қабілеті. Ол банктер мен қаржы институттары үшін несие тәуекелдерін басқарудың маңызды бөлігі болып табылады. Төмен несиелік қабілет несие дефолты қаупін арттырады, ал жоғары несиелік қабілет қаржы институттарына тұрақты табыс әкеледі. Сонымен қатар, ел экономикасы үшін төлем қабілетті азаматтар мен кәсіпорындар қаржылық тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Несиелік қабілетті бағалау бірнеше көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады, соның ішінде табыс деңгейі, қаржылық тұрақтылық, міндеттемелерді өтеу тарихы және нарықтық жағдайлар. Қаржы институттары бұл көрсеткіштерді сараптап, қарыз алушының несиелік рейтингісін анықтайды. Сондай-ақ, банктер мен несие ұйымдары клиенттің төлем тәртібін зерттеп, оның бұрынғы қарыздарын өтеу тәжірибесіне мән береді.

Кесте 1 – Қарыз алушы жеке тұлғаның несиесақабілетін бағалау көрсеткіштері

Көрсеткіштер атаулары	Есептеу алгоритмі
Негізгі қарыз төлемінің айлық мөлшері (НҚАТ);	Несиенің мөлшері / несиенің мерзімі
Сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемнің айлық мөлшері (СМАТ);	Несиенің мөлшері*сыйақы мөлшерлемесі / 12ай
Негізгі қарыз және сыйақы мөлшерлемесі бойынша төлемнің айлық мөлшері (НҚСАТ);	НҚАТ + СМАТ
Таза табыс (ТТ)	Жалпы табыс - салықтық және басқа да төлемдер
Нақты несиелік қабілетті (ННҚ);	НҚСАТ / ТТ (мәні жобамсн 35 - 45% дан төмен болмауы тиіс)
Ескерту – [1] дерек көзі негізінде құрастырылды.	

Жеке тұлғалардың несиелік қабілетін бағалау барысында: табыс деңгейі, жұмыспен қамтылу тұрақтылығы, несие тарихы, ағымдағы қарыз жүктемесі, қосымша кіріс көздері ескеріледі. Мысалы, тұрақты жұмысы бар және ай сайынғы табысы жоғары азаматтардың несиелік қабілеті жоғары бағаланады.

Заңды тұлғалар: қаржылық есептілік, айналым капиталы, рентабельділік, нарықтық позиция және салалық тәуекелдер негізінде бағаланады. Кәсіпорынның қаржылық

тұрақтылығы, активтері мен пассивтері, салықтық төлемдері және дебиторлық қарыздары да талдау нысанына айналады [1].

Макроэкономикалық факторлар клиенттердің несиелік қабілетіне тікелей және жанама түрде әсер ете отырып, елдегі экономикалық жағдай халықтың табыс деңгейін, жұмыссыздық деңгейін, инфляцияны және пайыздық мөлшерлемелерді айқындайды. Бұл көрсеткіштердің өзгеруі азаматтардың қаржылық тұрақтылығына, төлем қабілеттілігіне және несие алу мүмкіндігіне ықпал етеді. Экономикалық өсім кезінде халықтың табысы артып, қаржылық жағдайы жақсарады, бұл өз кезегінде несие бойынша төлемдердің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ал экономикалық дағдарыс, жоғары инфляция немесе жұмыссыздықтың көтерілуі қарыздық міндеттемелерді орындау мүмкіндігін төмендетеді. Сондықтан макроэкономикалық факторларды талдау несиелік ұйымдар үшін де, қарыз алушылар үшін де маңызды болып табылады.

- **Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және экономикалық даму**  
ЖІӨ – елдің экономикалық белсенділігін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі. Экономиканың тұрақты өсімі халықтың табысын арттырып, олардың несиелік қабілетін күшейтеді. Керісінше, экономикалық құлдырау төлем қабілеттілігінің төмендеуіне және несиелік тәуекелдердің артуына әкеледі. ЖІӨ-нің төмендеуі кәсіпорындардың табыстылығына кері әсер етіп, жұмыс орындарының қысқаруына алып келуі мүмкін.

- Инфляцияның жоғарылауы халықтың нақты табысын төмендетіп, олардың несие алу мүмкіндігін шектейді. Сонымен қатар, инфляцияның бақылаусыз өсуі банк секторының тұрақсыздығына және пайыздық мөлшерлемелердің артуына себеп болады. Нәтижесінде, халықтың тұтынушылық қабілеті әлсірейді, бұл өз кезегінде несие нарығына теріс әсер етеді.

- Жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы азаматтардың тұрақты табыс көзінен айырылуына әкеледі, бұл олардың несиелік қабілетін төмендетеді. Керісінше, жұмыспен қамту деңгейінің артуы несие алу мүмкіндігін ұлғайтады. Банк секторында жұмыссыздықтың өсуі несиелік дефолттардың жиілеуіне және қаржы ұйымдарының шығындарының көбеюіне алып келеді.

- Ұлттық валютаның тұрақсыздығы халықтың төлем қабілеттілігіне теріс әсер етеді. Айырбас бағамының күрт ауытқуы импорттық тауарлар мен қызметтердің қымбаттауына, инфляцияның өсуіне және халықтың қаржылық тұрақтылығына кері әсерін тигізеді. Валюталық дағдарыстар шетелдік инвестициялардың азаюына және экономикалық тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін.

**Қаржы нарығының тұрақтылығы және пайыздық мөлшерлемелер**  
Елдің қаржы нарығындағы тұрақтылық несиелік қызметтердің қолжетімділігіне әсер етеді. Пайыздық мөлшерлемелердің жоғары болуы клиенттердің несие алу мүмкіндігін шектейді, ал төмен пайыздық мөлшерлемелер несиеге деген сұранысты арттырады. Орталық банктің монетарлық саясаты да несие беру жағдайына ықпал етеді. Егер ақша-несие саясаты қатал болса, банктер қарыз алушыларға несие беруге сақтықпен қарайды. Мемлекеттің қаржы секторы мен экономиканы реттеу шаралары клиенттердің несиелік қабілетіне үлкен әсер етеді. Салықтардың жоғары болуы халықтың қолда бар табысын азайтып, несие төлеу қабілетін төмендетеді, ал салықтық жеңілдіктер немесе жалақыға салынатын салықтың төмендеуі азаматтардың қаржылық мүмкіндіктерін арттырады. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау бағдарламалары (мысалы, тұрғын үй несиелері үшін субсидиялар немесе шағын бизнеске жеңілдетілген несиелер) несиелік қолжетімділікті жақсартады.

Жаһандық нарықтағы өзгерістер мен геосаяси тұрақсыздық елдің экономикасына тікелей әсер етіп, несиелік қызметтерге деген сұраныс пен төлем қабілеттілігіне ықпал етеді. Сауда санкциялары, мұнай мен басқа да шикізат бағаларының құбылуы, логистикалық қиындықтар ұлттық валютаның әлсіреуіне және инфляцияның өсуіне әкелуі мүмкін. Бұл факторлар кәсіпорындардың қаржылық жағдайын әлсіретіп, халықтың табысын төмендетеді, нәтижесінде несие бойынша төлемдер кешіктірілуі немесе дефолт деңгейі артуы ықтимал.

Тұрғындардың бұрыннан алған несиелерінің көлемі мен олардың төлем қабілеттілігі арасындағы тепе-теңдік те маңызды рөл атқарады. Егер халықтың борыштық жүктемесі жоғары болса, жаңа несиелерді өтеу қиынға соғады, ал несиелік дефолттар көбеюі мүмкін. Сонымен қатар, тұтынушылық мінез-құлықтың өзгеруі, мысалы, қарыз алушылардың сақтық танытып, несие алудан бас тартуы немесе керісінше, артық несие алу үрдісі несие нарығының тұрақтылығына әсер етеді. 1-суретте жеке тұлғаларға берілген несие көлемі мен базалық ставка деңгейі көрсетілген.



Сурет 1 – Жеке тұлғаларға берілген несие көлемі мен базальдық мөлшерлеме деңгейі  
Ескерту – [2],[3] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды.

Суретке сәйкес, 2022 жылдан 2024 жылға дейін жеке тұлғаларға берілген несиенің көлемі айтарлықтай өскенін көруге болады. 2022 жылы берілген несие көлемі 14 158 376 млн теңгені құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 18 247 042 млн теңгеге жетіп, бір жыл ішінде 28,9%-ға өскен. 2024 жылы несие көлемі 22 964 758 млн теңгеге дейін артып, 2023 жылмен салыстырғанда 25,9%-ға ұлғайған. Жалпы, үш жыл ішінде жеке тұлғаларға берілген несие көлемі 62,2%-ға өсті.

Базальдық мөлшерлеменің өзгеру динамикасы несие беру үрдісімен кері байланыста болғанын байқауға болады. 2022 жылы базальдық мөлшерлеме 9,75% деңгейінде болса, 2023 жылы ол 16,75%-ға дейін көтерілген. Бұл кезеңде инфляция деңгейінің өсуі және ұлттық валюта бағамының тұрақсыздығы ақша-несие саясатының қатаңдауына себеп болды, нәтижесінде орталық банк несие беру шарттарын күрделендірді. Алайда 2024 жылы базальдық мөлшерлеме 15,75%-ға төмендеді, бұл несие нарығындағы жағдайдың біршама тұрақтанғанын көрсетеді.


Несие көлемінің артуының негізгі себептерінің бірі – халықтың тұтынушылық сұранысының өсуі, сондай-ақ қаржы институттарының несиелік өнімдерге деген қолжетімділікті арттыруы. Сонымен қатар, инфляцияның жоғары деңгейі азаматтардың сатып алу қабілетіне әсер етіп, олардың несиелік қаражатқа деген қажеттілігін арттыруы мүмкін. Базальдық мөлшерлеменің 2023 жылы күрт өсуі несиелік ресурстардың қымбаттауына алып келсе де, жалпы несие көлемінің ұлғаюы халықтың қаржылық қажеттілігінің артып келе жатқанын көрсетеді. 2024 жылы базальдық мөлшерлеменің біршама төмендеуі несие нарығына оң әсер етіп, банктердің несиелік белсенділігінің артуына ықпал еткен.

Несие көлемінің өсуіне әсер еткен тағы бір маңызды фактор – халықтың кірістерінің динамикасы мен макроэкономикалық жағдайдың өзгеруі. Егер 2022 жылы базальдық мөлшерлеменің төмен болуына байланысты несие шарттары қолайлырақ болса, 2023 жылы пайыздық мөлшерлеменің күрт өсуі несиеге қолжетімділікті қиындатты. Дегенмен, бұл кезеңде халықтың тұтынушылық сұранысы сақталып, бағаның өсуіне байланысты азаматтардың несие қаражатына деген қажеттілігі артты. Сонымен қатар, инфляцияның жоғары деңгейі жинақтардың нақты құнын төмендетіп, азаматтарды артық қаражатты

жинақтау орнына тұтынуға және несиелеуге ынталандырды.

2024 жылы базалық мөлшерлеменің біршама төмендеуі несиелік ресурстарының қолжетімділігін жақсартты, бұл өз кезегінде несиелік көлемінің өсуіне ықпал етті. Сонымен бірге, банктердің несиелік саясатындағы өзгерістер де маңызды рөл атқарды. Коммерциялық банктер пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне икемделе отырып, жаңа несиелік өнімдерін енгізіп, клиенттерге тиімді шарттар ұсынды. Сонымен қатар, ипотекалық және тұтынушылық несиелерге сұраныстың артуы да несиелік көлемінің өсуіне әсер етті.

Экономикалық факторлармен қатар, демографиялық және әлеуметтік аспектілер де маңызды рөл атқарады. Қалаларда тұрғын үйге деген сұраныстың артуы, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың іске қосылуы және цифрлық қаржы құралдарының кеңеюі халықтың несиелік алуға деген ынтасын күшейтті. 2022-2024 жылдар аралығында жеке тұлғаларға берілген несиелік айтарлықтай өсуі бірнеше негізгі факторлармен байланысты: инфляциялық қысымның артуы, халықтың табыс деңгейінің өзгеруі, базалық мөлшерлеменің динамикасы, банктердің несиелік беру саясаты және қаржы технологияларының дамуы. Осы факторлардың өзара ықпалы несиелік нарығының құрылымына және халықтың қарыз алу қабілетіне тікелей әсер етті.



Сурет 2 – Жеке тұлғалардың мерзімі кешіктірілген несиелік көлемі мен базалық мөлшерлеме деңгейі

Ескерту – [4],[5] дерек көзі негізінде автормен құрастырылды.

2022-2024 жылдар аралығында жеке тұлғалардың мерзімі кешіктірілген қарыздарының көлемі мен инфляция деңгейінің өзгерісі халықтың қаржылық жағдайының динамикасын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер несиелік нарығындағы тәуекелдерді, төлем қабілеттілігіне әсер ететін макроэкономикалық факторларды және банктердің несиелік саясатын бағалауға мүмкіндік береді (сурет 2).

2022 жылы мерзімі кешіктірілген қарыз көлемі 1 223,4 млрд теңгеге жетіп, инфляция 20,3% деңгейінде болды. Бұл кезеңде инфляцияның жоғары болуы халықтың нақты табысын төмендетіп, олардың қарызды уақытында өтеу мүмкіндігін шектеді. Сонымен қатар, пайыздық мөлшерлемелердің өсуі несиелік қымбаттауына алып келіп, борышкерлердің қаржылық жүктемесін арттырды.

2023 жылы инфляцияның екі есеге жуық төмендеуі (9,8%) қаржылық тұрақтылықтың біршама жақсарғанын көрсетті. Осы кезеңде кешіктірілген несиелер көлемі 988,8 млрд теңгеге дейін төмендеп, 2022 жылмен салыстырғанда 19,2%-ға азайды. Бұл халықтың қарыз жүктемесін басқару мүмкіндігінің жақсарғанын және банктердің қарыз алушылармен жұмыс істеу тәсілдерін оңтайландырғанын білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдау шаралары, жалақының өсуі және несиелік қайта құрылымдау бағдарламаларының енгізілуі қарыздың уақтылы төленуіне оң ықпал еткен болуы ықтимал.

Алайда, 2024 жылы жағдай өзгеріп, кешіктірілген қарыз көлемі 1 620,7 млрд теңгеге

дейін өсіп, бір жыл ішінде 63,9%-ға ұлғайды. Бұл қаржылық қиындықтардың қайта күшейгенін және халықтың төлем қабілеттілігінің әлсірегенін көрсетеді. Дегенмен, инфляция 8,6%-ға дейін төмендеді, бұл бағаның өсу қарқынының баяулауын білдіреді. Осыған қарамастан, қарыздардың қайтарылу көрсеткішінің нашарлауы бірнеше себепке байланысты болуы мүмкін:

2022 жылы инфляцияның жоғары деңгейі халықтың төлем қабілетіне кері әсер етіп, қарыздарды кешіктіру көлемінің жоғары болуына себеп болғанын байқауға болады. 2023 жылы инфляция төмендеп, экономикалық тұрақтылық біршама жақсарғандықтан, мерзімі кешіктірілген қарыз көлемі азайды. Алайда, 2024 жылы кешіктірілген несиелер көлемінің қайта өсуі халықтың қарыз жүктемесінің артып, қаржылық қиындықтардың күшейгенін көрсетеді. Базалық мөлшерлеменің 2023 жылы жоғары болуы жаңа несиелердің қымбаттауына және несие алушылардың төлем жүктемесінің өсуіне алып келді. Екіншіден, халықтың табыс деңгейінің өсу қарқыны инфляциямен салыстырғанда баяу, бұл олардың қарыздарын уақытылы өтеу қабілетіне әсер етті. Үшіншіден, 2024 жылы несие көлемінің айтарлықтай ұлғаюы жаңа қарыз алушылар санының өсуіне алып келіп, кейбір қарыз алушылардың төлем қабілетінің төмендеуіне себеп болды.

2022-2024 жылдар аралығындағы динамика халықтың несиелік жүктемесінің күрделене түскенін, әсіресе 2024 жылы кешіктірілген төлемдердің айтарлықтай артқанын көрсетеді. Бұл несие нарығының тұрақтылығына және қаржы секторының тәуекел деңгейіне тікелей әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

Жеке тұлғалардың несиелік қабілетіне макроэкономикалық факторлардың әсері айтарлықтай маңызды. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсуі халықтың табыс деңгейін арттырып, несиелік қабілетін жақсартса, экономикалық құлдырау керісінше төлем қабілеттілігінің төмендеуіне алып келеді. Инфляцияның жоғарылауы халықтың нақты табысын азайтып, несиеге қолжетімділікті шектейді, ал жұмыссыздықтың артуы тұрақты табыс көзінен айырылған азаматтардың қарыз алу және оны өтеу мүмкіндіктерін әлсіретеді. Сонымен қатар, ұлттық валютаның тұрақсыздығы мен қаржы нарығындағы тұрақсыздық несиелік тәуекелдерді күшейтеді, бұл банктердің несие беру шарттарын қатаңдатуына алып келеді. Инфляция деңгейінің төмендеуі несие нарығына оң әсер етсе де, халықтың табыс деңгейі қажетті қарқынмен өспеген жағдайда, төлем қабілетсіздігі мәселесі сақталады. Сондай-ақ, несие көлемінің артуы қарыз алушылардың жүктемесін арттырып, мерзімі кешіктірілген несиелердің көбеюіне әкелуі мүмкін. Сондықтан экономикалық тұрақтылықты сақтау және несиелік тәуекелдерді басқару үшін кешенді шаралар қажет.

1. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету. Үкімет инфляцияны бақылау, ЖІӨ өсімін ынталандыру және жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін тиімді экономикалық саясат жүргізуі қажет. Бұл халықтың сатып алу қабілетін арттырып, несиелік тәуекелдерді азайтады.

2. Қаржылық сауаттылықты жоғарылату. Азаматтардың қаржылық білімін жетілдіру, жеке бюджет пен қарызды басқару дағдыларын дамыту мақсатында мемлекеттік және жеке ұйымдар тарапынан арнайы бағдарламалар ұйымдастырылуы тиіс.

3. Банк секторында тәуекелдерді басқару. Коммерциялық банктер несие берудің икемді стратегияларын әзірлеуі керек. Мысалы, несиелерді қайта құрылымдау бағдарламаларын жетілдіру, төмен табысты азаматтарға арналған арнайы несие өнімдерін жасау, жасанды интеллект пен Big Data негізінде қарыз алушылардың төлем қабілетін тереңірек бағалау шараларын енгізу.

4. Несие шарттарының икемділігін арттыру. Банк секторында ұзақ мерзімді несие өнімдерін дамыту, пайыздық мөлшерлемелерді төмендету бойынша жеңілдетілген бағдарламалар енгізу қарастырылуы тиіс.

Осы ұсыныстарды іске асыру арқылы жеке тұлғалардың қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, олардың несиеге қолжетімділігін арттыруға және жалпы несие нарығындағы тәуекелдерді азайтуға болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Несие операцияларын басқару және талдау 5B050900 – «Қаржы» мамандағының студенттеріне арналған оқу құралы/ А.Ш. Абдешова, - Алматы, Альманахъ, 2019. – 107 б.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми сайты. Базалық мөлшерлеме шешім қабылдау графигі (2015–2025) [электронды ресурс] <https://nationalbank.kz/ru/news/grafik-prinyatiya-resheniy-po-bazovoy-stavke/rubrics/2237>
3. Экономиканың банк секторына кредиттері [электронды ресурс] <https://www.nationalbank.kz/ru/news/kredity-bankovskogo-sektora-ekonomike>
4. Қазақстан Республикасындағы инфляция деңгейі [электронды ресурс] <https://stat.gov.kz/industries/economy/prices/publications/>
5. Банк секторы портфелінің сапасы мен құрылымы [электронды ресурс] <https://nationalbank.kz/kz/news/banks-performance/rubrics/1955>

УДК 336.221.4

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Турымбетова Замира Саветовна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті, Астана қаласы,  
Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі - Жамиева А.Е.

**Аннотация.** Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның салық жүйесін реформалау және дамыту мәселелері қысқаша қарастырылды. Бастапқы жағдайда салық жүйесін қалыптастыру мен ұйымдастырудың бірыңғай әдістемелік тәсілдері болмаған, әсіресе экономикалық тұрақсыздық жағдайында. Зерттеудің негізгі әдістері: жүйелік және институционалдық тәсілдер, индукция мен дедукция әдістері. Теориялық және практикалық маңыздылығы – ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында салық жүйесінің бейімделу қажеттілігін негіздеуде.

Кілт сөздер: салықтар, салық жүйесі, Салық кодексі, реформалау, салық саясаты, салық салу жүйесі.

**Аннотация.** Тезисно рассмотрены актуальные вопросы, связанные с реформированием и развитием налоговой системы Казахстана после приобретения им независимости. Исходным условием являлось отсутствие единых методологических и методологических подходов к формированию и организации налоговой системы, в том числе в условиях экономической нестабильности. Основными методами исследования были: систематический и институциональный подходы, методы индукции и дедукции. Теоретическая и практическая значимость исследования заключается в обосновании необходимости адаптивного развития налоговой системы с целью обеспечения устойчивого роста национальной экономики.

**Ключевые слова:** налоги, налоговая система, налоговый кодекс, реформирования, налоговая политика, система налогообложения

**Annotation.** The paper briefly examines current issues related to the reform and development of Kazakhstan's tax system after gaining independence. The initial condition was the absence of unified methodological and methodological approaches to the formation and organization of the tax system, particularly in conditions of economic instability. The main research methods included systematic and institutional approaches, as well as methods of induction and deduction. The theoretical and practical significance of the study lies in justifying the need for adaptive development of the tax system to ensure sustainable national economic growth.

**Key words:** taxes, tax system, tax code, reforms, tax policy, taxation system

Көптеген арнайы әдеби көздерде мемлекеттік салық жүйесі – бұл заңнамада белгіленген тәртіппен алынатын жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар мен